

EKEA ₀₅					1,1
--------------------	--	--	--	--	-----

Селекциялық жұмыста белгілер мен экологиялық байланыстарды зерттеудің маңызы зор, өйткені олар қажетті сорттарды іріктеу мен жасақтауда қолданылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шектібаева, Г. Х. Батыс Қазақстандағы жаздық бидайдың сорттық үлгілерінің селекциялық белгілері мен қасиеттерінің ерекшеліктері : автореф. дис. ... канд. с.-х. наук / Г. Х. Шектібаева. – 2005. – 3-4 бет.
2. Макарова, Г. С. Жаздық бидайдың аурулары мен зиянкестеріне қарсы тұра алатын жоғары сапалы, жоғары өнімді сорттарын алудағы селекцияның негізгі бағыттары / Г. С. Макарова, Г. Х. Шектібаева. // Жаршы. – № 5. – 2004. – 187 б.
3. Шектібаева, Г. Х. Результаты экологического сортоиспытания зерновых культур / Г. Х. Шектібаева, Г. С. Макарова, В. Б. Лиманская // Сб. докл. межд. научн.-практ. конф., посвященной 90-летию со дня образования УСХОС. – Уральск. – 2004.
4. Шектібаева, Г. Х. Орал өңірінің қуаң далалы аймағында экологиялық сорт сынау танабындағы жаздық бидай сорттарының өнімділігі / Г. Х. Шектібаева. // Жаршы. – № 7. – 2010. – 6-7 бет.

ӨОЖ: 633.11.631.52.

ОРАЛ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТӘЖІРИБЕ СТАНЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҰҚЫМ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖҮЙЕСІ

Г. Х. Шектыбаева, а.-ш. ғылымдарының кандидаты
Д. К. Тулегенова, а.-ш. ғылымдарының кандидаты, доцент
Д. А. Кдиршаева, магистрант

Жәңір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Батыс Қазақстан облысында дәнді дақылдардың алғашқы және элиталық тұқым шаруашылығымен Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы айналысады. Мақалада дәнді дақылдармен жүргізілетін алғашқы тұқымшаруашылығына ерекше мән берудің қажеттілігіне тоқталған. Сәйкесінше Батыс Қазақстан облысы бойынша әр түрлі дәнді дақылдар тұқымдарын өсіруге байланысты мәліметтер салыстырыла ұсынылған.

В Западно-Казахстанской области первичное и элитное семеноводство зерновых культур ведет ТОО «Уральская сельскохозяйственная опытная станция». В статье рассматривается вопрос о важности проведения первичного семеноводства. Дается сравнительная оценка выращивания семян зерновых культур.

The question on importance of carrying out of primary seed-growing is considered in the article and performance of plan manufacture and cultivation of seeds of grain crops in WKO is given.

Дән өндірісінің табысты өркендеуі көбінесе селекция мен тұқым шаруашылығының дамуына байланысты. Республикамыздағы метеорологиялық жағынан ең күрделі аймақтарының бірі болып саналатын Батыс Қазақстан аймағында дәнді дақылдардың өсуі мен дамуын шектеуші факторлар қатарына ылғалдың жетіспеушілігі, құрғақшылықтың белең алуы, ауа райының суытуы, топырақтың сортаңдануы, қара шіріктің азаюы жатады [1, 2].

Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы егін шаруашылығын қауіпті жағдайда жүргізуді қалыптастырды, себебі бұл аймақта қуаңшылық 10 жылда 3-4 рет қайталанып тұрады. Біршама қолайлы жылдар саналған 2006-2008 жылдардан кейінгі 2009

Ауыл шаруашылық ғылымдары

Агрономия

және 2010 жылдардағы қатты қуаңшылықтар Батыс Қазақстан облысының шаруашылықтарын күрделі жағдайда қалдырып, ойлануға мәжбүрледі. Бидайдың вегетациялық кезеңі барысында 2006 жылы 95,1 мм, 2007 жылы – 122,5 мм, 2008 жылы – 124,5 мм жауын-шашын түскен. 2009, 2010 жылдардағы бидайдың өсуі мен дамуының ең маңызды кезеңдеріндегі вегетация бойында қалыптасқан ауа райы жағдайларын аса қолайсыз деп сипаттауға болады. Жауын-шашынның мүлдем түспей қоюы, ұзақ уақыт бойы жоғары температураның (31-36 °С) тұрақтауы, қатты аңызактардың соғуы мен ылғалмен қамтылудың жеткіліксіздігі оңтайлы өнім алуға кедергі туғызды.

2009 жылы бидайдың вегетациялық кезеңі барысында 41,3 мм, ал 2010 жылы 19,4 мм жауын-шашын түскен. Сонымен қатар көктеу-түптену аралық кезеңі барысында 6,0 мм және 0,9 мм, түптенуден масақтануға дейінгі аралықта жауын-шашын жоқтың қасы деуге болады (небары 0,8 мм және 3,9 мм). Дәннің қалыптасуы мен пісуі жоғары температура (32-35 °С) мен ауаның төмен салыстырмалы ылғалдылығы (25 %-дан төмен) жағдайында жүрді (1-кесте).

Жоғарыда аталған жайттар аймақта жаздық жұмсақ бидай мен арпаның бейімділігі мен сапалылығы жоғары сорттарын шығаруды талап етеді. Батыс Қазақстан облысында жаздық бидай мен арпаның жаңа сорттарын шығарумен айналысатын жалғыз ғылыми-зерттеу мекемесі – Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы болып табылады.

1-кесте – 2006-2010 жылдар аралығындағы ауа-райы жағдайлары мен жаздық бидайдың өнімділігі

Жылдар	Көрсеткіштер	Кезеңдері				Вегетация кезеңінде барлық түскені	Облыс бойынша орташа өнімділік, ц/га
		егу-көктеу	көктеу-түптену	түптену-масақтану	масақтану-жетілу		
2006	Жауын-шашын, мм	33,6	1,4	41,8	18,3	95,1	6,4
	Ауа температурасы, °С	18,0	24,2	21,7	20,9	21,2	
2007	Жауын-шашын, мм	0,6	4,9	111,8	5,2	122,5	8,2
	Ауа температурасы, °С	19,6	18,7	22,8	23,3	21,1	
2008	Жауын-шашын, мм	14,5	25,1	14,4	70,5	124,5	12,4
	Ауа температурасы, °С	14,3	18,5	20,8	22,3	20,8	
2009	Жауын-шашын, мм	12,8	6,0	0,8	21,7	41,3	4,6
	Ауа температурасы, °С	14,0	16,9	24,4	23,1	21,5	
2010	Жауын-шашын, мм	9,3	0,9	3,9	5,3	19,4	3,5
	Ауа температурасы, °С	18,7	17,2	23,0	28,1	24,6	

Бұл жерде шығарылатын сорттар қуаңшылыққа жақсы төзімділігімен, жер бетіндегі массасының, дәнінің қарқынды қалыптасуымен, негізгі және қосымша тамыр жүйелерінің берік дамуымен, жылдар бойынша өнімділігінің тұрақтылығымен, жұмсақ бидайдың дәнінің, ұнының, нанының технологиялық сапаларының сапалы болуымен ерекшеленеді [3].

Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы дәнді дақылдардың аудандастырылған және перспективтік сорттарының бірегей тұқымдарын өсіру жөніндегі тұқым шаруашылығы саласындағы істермен айналысады. Суперэлитаны отандық сорттар бойынша көбейту питомниктерінің аудандары кенеюде.

Орал ауыл шаруашылығы тәжірибелік станциясының сорт сынаушыларының міндеті жаңа отандық сорттарды көбейту мен облыс өндірісіне енгізуді тездетудің барлық қажетті шарттарын жасаудан тұрады. Батыс Қазақстан облысы бойынша аудандастырылған жаздық бидай сорттарының түрлері өте нашар.

Айталық, Батыс Қазақстан облысы бойынша небары 5 сорт аудандастырылған: 1988 жылы – жұмсақ бидай – Альбидум 28; 2003 жылы – Волгаоралдық, 1994 жылы – Казахстанская 17; 1974 жылы – Саратов 42; 2007 жылы – Саратов 60. Қазақстанның басқа облыстарында бұндай сорттардың саны көбірек: Ақмола облысында – 18, Қостанай облысында – 16, Павлодар облысында – 9, Солтүстік Қазақстанда – 12.

Альбидум 28, Казахстанская 17 және Саратов 42 сорттары қазіргі таңда дәнінің өнімділігі мен сапасы жөнінен ауыл шаруашылығы өндірісіне қойылатын сұраныстарды қанағаттандыра алмайды. Ресурстарды үнемдеуге бағытталған егін шаруашылығының қазіргі мақсаты табиғи ортаның төтенше жағдайларына төзімді, дәнінің сапасы жоғары, түсімі мол жаңа сорттарды шығаруды талап етеді.

Батыс Қазақстан облысында дәнді дақылдардың алғашқы және элиталық тұқым шаруашылығымен Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы айналысады, оның элиталық тұқым шаруашылығы мен оригинатор ғылыми-зерттеу мекемесі статусы бар.

Орал ауыл шаруашылығы тәжірибелік станциясының жуық арадағы негізгі міндеті суперэлита мен элита тұқымдарының өндірісін 3,0-3,5 мың тоннаға жеткізу болып табылады, осы тұқымдар саны тұқым шаруашылықтары мен тауарлық шаруашылықтардың жоғары репродукциялы тұқымдарға деген қажеттілігін толық өтеу үшін жеткілікті. Қазіргі таңда Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы Саратов 42 мен Волгаоралдық жаздық жұмсақ бидайлардың, Лютесценс 72 күздік бидайдың, Донецк 8 бен Илек 9 арпасының элиталық сорттарын өндіреді [3].

ҚР АШМ ЖШС «Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы»

ҒЗМ-оригинатор

Мақсаты: жоспарлы сортжаңарту үшін питомниктердегі тұқымдардың, аудандастырылған және перспективалық суперэлита мен элита тұқымдарының өндірісі.

Міндеті: тұқым шаруашылықтарына жыл сайын 3000-3500 тонна элита тұқымдарын өткізу (жыл сайын).



Дән егуші аудандардың тұқым шаруашылықтары (репродукторлар): «Каркула» ШҚ, «Раздолье» ЖШС, «Матевосян» ШҚ, «Авангард» ЖШС, «Скит» ШҚ.

«Киргенев» ШҚ, «Қайрат» ЖШС, «Тінәлі» ЖШС, «Жымпиты» ЖШС, «Өсімтал» ШҚ, «Тұлпар LTD» ЖШС, «Жанар» ШҚ, «Ақас» ШҚ, «Жарас» ШҚ, «Есен» ЖШС, «Қайрат» ШҚ, «Ізденіс» ЖШС, «АгроСервисБатыс» ЖШС, «Ақсай ҰШК» ЖШС

Мақсаты: бірінші және екінші репродукциялы тұқым өндірісі

Міндеті: тауарлық шаруашылықтарға жыл сайын 5000-6000 тонна дәнді дақылдардың тұқымдарын өткізу.

1-сурет – Батыс Қазақстан облысындағы дәнді дақылдардың сортжаңарту схемасы

Станцияның элита тұқымдарын өндіру жұмысы дәнді дақылдардың сорттық тұқымдарының үлес салмағын облыс бойынша жалпы 95 %-ға ұлғайтуға және соңғы 7 жыл ішінде аудандастырылған сорттардың өз тұқымдарын егуге мүмкіндік берді.

Дәнді дақылдардың жалпы өнімі

Кәсіпорын 2007 жылы 3537 тонна көлемінде жоғары репродукциялы және элита тұқымдарын өндіріп, 2685 тоннасын өткізді; 2008 жылы 3577 тонна өндіріп, 2407 тоннасын өткізген, 2009 жылы 1900 тонна өндіріп, 1000 тоннаны өткізген.

Дәнді дақылдардың өнімі

Батыс Қазақстан облысындағы негізгі дән егуші аудандардың 20-сы тұқымдық шаруашылықтар (репродукторлар) статусына ие. Тұқымдық шаруашылықтар 1 және 2 репродукция тұқымдарын өндіріп, оларды сорт жаңарту жоспарына сәйкес 3-4 жылда бір рет қызмет көрсету аймағындағы тауарлық шаруашылықтарға өткізеді. Тауарлық шаруашылықтар 1 және 2 репродукция тұқымдарын олардың егістері 4-ші репродукциядан төмендемейтіндей көлеммен қолданады (1-сурет).

Облыста сорт жаңартудың мұндай сызбасы жоғары сапалы дәннің жалпы өндірісін арттыруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылық ғылымдары

Агрономия

Элиталық тұқым шаруашылықтары мен тұқым шаруашылықтары өз статустарының талаптарына сәйкес келуі үшін төмендегі шарттарға сай болуы керек:

☑ басымдыққа ие дақылдар мен сорттар бойынша тұқым шаруашылығын мамандандыру бағыттарын айқындау;

☑ дәнді дақылдардың тұқымдарының өндірісі үшін жүйелі түрде аттестациядан өту және лицензия алу (элита тұқым шаруашылықтары ҚР АШМ-де, тұқым шаруашылықтары – Облыстық ауыл шаруашылықтары департаментінде);

☑ тұқым шаруашылықтарына қажетті агроном, апробатор кадрларының болуы;

☑ тұқым шаруашылықтарында ауыспалы егістер мен топырақты егіске дайындаудың технологиясын игеру;

☑ тұқым шаруашылығының қажетті шараларын ұстану;

☑ тұқымдық егістердің аудандарын тыңайтқыштармен және өсімдіктерді қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

☑ тұқымдық материалдың сапасын сорттық бақылау аясында жыл сайынғы далалық апробация жұмыстарын қамтамасыз ету.

Алда тұрған міндеттер тауар өндірушілерге біздің облысымыздағы ішкі пайдаланымға және экспортқа шығаруға арналған жоғары сапалы дән өндірісін тұрақтандыруға мүмкіндік береді және шешуге тұрарлық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Макарова, Г. С. Жаздық бидайдың аурулары мен зиянкестеріне қарсы тұра алатын жоғары сапалы, жоғары өнімді сорттарын алудағы селекцияның негізгі бағыттары / Г. С. Макарова, Г. Х. Шектібаева // Жаршы. – № 5. – 2004. – 187 б.

2. Шектібаева, Г. Х. Өсімдік шаруашылығының маңызды сапасының бірі – тұқым сапасы / Г. Х. Шектібаева. // Жаршы. – № 3. – 2011. – 16-19 бет.

3. Шектібаева, Г. Х. Батыс Қазақстан аймағының қуаншылық жағдайында бөлініп шыққан жаздық бидай сорт үлгілері / Г. Х. Шектібаева. // Жаршы. – № 4. – 2011. – 14-16 бет.